

Демалыс күндерін ауыстыру туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 29 маусымдағы N 464/65-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2011 жылғы 29 маусымда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 683 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2011.12.07 N 530/75-IV Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2011.12.07 N 530/75-IV Шешімімен.

"Қазақстан Республикасы елордасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5-тармақшасын басшылыққа ала отырып, 6 шілде - Елорда Күніне арналған мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге жағдай жасау мақсатында, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласында демалыс күндері 2011 жылғы 2 шілде сенбі күні мен 3 шілде жексенбі күнін 4-5 шілде дүйсенбі және сейсенбі күндеріне ауыстырылсын

2. Осы шешім оны алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>А с т а н а</i>	<i>қ а л а с ы</i>	<i>м ә с л и х а т ы</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>С. Хамхоев</i>		
	<i>А с т а н а</i>	<i>қ а л а с ы</i>	
<i>мәслихатының хатшы</i>	<i>В. Редкокашин</i>		